

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 1441 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 қыркүйекте № 17441 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 6 мамырдағы № 246 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Әділет министрінің 06.05.2019 № 246 бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 568 қаулысымен бекітілген Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларының 47, 47-1 және 47-2-тармақтарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгі бар нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы қорытындының нысаны;

2) 31.12.2018 дейін қолданыста болды – ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1441 бұйрығымен.

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінің нысаны;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгі бар нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінің нысаны;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы мөртабанның нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Әділет министрінің 24.09.2018 № 1441 бұйрығымен.

2. "Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 10 қарашадағы № 1007 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14411 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесі 2016 жылғы 30 қарашада жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдасын.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі. Бұл ретте бұйрықтың 1-тармағының 2) тармақшасы 2018 жылғы жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

М. Бекетаев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 1441 бұйрығына
1-қосымша
Нысан
"Б Е К І Т Е М І Н"

(Әділет органы басшысының
лауазымы, тегі және
инициалдары)

(қолы)

(қол қойылған күн)

"Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгі бар нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Нормативтік құқықтық актінің деректемелері:	Нормативтік құқықтық актінің нысаны, қабылдау күні, тіркеу нөмірі және тақырыбы
---	---

Нормативтік құқықтық актіні ұсынған орган:	Мемлекеттік органның атауы
--	----------------------------

Нормативтік құқықтық актіні қабылдау негіздемесі:	Нормативтік құқықтық актіні қабылдауға негіз болған Қазақстан Республикасы заңнамасының нақты нормасына сілтеме
---	---

Нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркеуге келіп түскен күні:	Нормативтік құқықтық актінің әділет органдарына келіп түскен күні
--	---

Нормативтік құқықтық актіге жүргізілген заң сараптамасының нәтижелері бойынша осы нормативтік құқықтық акт азаматтардың заңда белгіленген құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың заңды мүдделерін бұзбайтыны және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтіні анықталды.

Сондай-ақ, осы нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 568 қаулысымен бекітілген Нормативтік

құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келетіні анықталды.

1) Жазылғанның негізінде:

тіркеуді;

(Нормативтік құқықтық актінің нысаны, қабылдау күні, тіркеу нөмірі және тақырыбы)

2) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне № ____ енгізуді;

3) мемлекеттік тіркелгеннен кейін нормативтік құқықтық актінің бір данасы (төлнұсқалар) қазақ және орыс тілдеріндегі қорытындымен

(мемлекеттік тіркеуге нормативтік құқықтық актіні ұсынған мемлекеттік органның

атауы) жіберуді;

4) нормативтік құқықтық актінің бір данасын (көшірмелерін) қазақ және орыс тілдеріндегі қорытындымен Республикалық (өңірлік) құқықтық ақпарат орталығына

жіберуді;

5) актінің бір данасын (көшірмелерін) қазақ және орыс тілдеріндегі қорытындымен

(әділет органының атауы) қалдыруды мүмкін деп есептеймін.

(қорытындыны дайындаған маманның лауазымы (қолы) (тегі және аты-жөні)

Құжаттарды алған кезде әділет органында қалатын қазақ және орыс тілдеріндегі

қорытындылар даналарында мыналар толтырылады:

	Мемлекеттік орган қызметкерінің лауазымы	А.Ж.Т.(болған жағдайда)	Күні	Қолы
Төлнұсқалар				

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 1441 бұйрығына
2-қосымша
Нысан
"Б Е К І Т Е М І Н"

(Аумақтық әділет органы
басшысының лауазымы,
тегі және инициалдары)

(қолы)

(қол қойылған күн)

**Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің
нормативтік құқықтық шешімдерін мемлекеттік тіркеу туралы Қ О Р Ы Т
Ы Н Д Ы**

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

2-қосымша 31.12.2018 дейін қолданыста болды – ҚР Әділет министрінің
24.09.2018 № 1441 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 1441 бұйрығына
3-қосымша
Нысан

**Мемлекеттік органдардың интранет-порталында Нормативтік құқықтық
актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімі**

№	Мемлекеттік тіркеу күні	Мемлекеттік тіркеу нөмірі	Н Қ А қабылдаған мемлекеттік органның (- дардың) атауы	Н Қ А қабылдаған күні, тіркеу нөмірі және атауы	НҚА-ның (Н Қ А немесе оның құрылымдық элементін) қолданысын тоқтата тұруды көздейтін	Н Қ А (немесе оның құрылымдық элементін) к ү ш і жойылды деп тануды көздейтін	С о т шешімінің күні мен нөмірі көрсетіле отырып, Н Қ А мемлекеттік тіркеуді ж о ю туралы сот шешімінің
---	----------------------------	---------------------------------	---	---	--	---	--

					мемлекеттік тіркеу нөмірі және күні	мемлекеттік тіркеу нөмірі және күні	күшіне енген күні	Өзге мәліметтер
1								

Мемлекеттік органдардың интранет-порталында Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін толтыру жөніндегі түсініктеме: нормативтік құқықтық акт туралы мәліметтер осы нормативтік құқықтық актіге мемлекеттік тіркеу нөмірі берілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде хронологиялық тәртіппен электрондық тізілімге енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 1441 бұйрығына
4-қосымша
Нысан

"Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгілері бар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімі

№	Мемлекеттік тіркеу күні	Мемлекеттік тіркеу нөмірі	Н Қ А қабылдаған мемлекеттік органның (- дардың) атауы	Н Қ А қабылдаған күні, тіркеу нөмірі және атауы	Н Қ А өзгеріс (терді) және/ немесе толықтыру(ларды) енгізуді көздейтін мемлекеттік тіркеу нөмірі және күні	НҚА-ның (немесе оның құрылымдық элементін) қолданысын тоқтата тұруды көздейтін мемлекеттік тіркеу нөмірі және күні	Н Қ А (немесе оның құрылымдық элементін) к ү ш і жойылды деп тануды көздейтін мемлекеттік тіркеу нөмірі және күні	С о т шешімінің күні мен нөмірі көрсетіле отырып, Н Қ А мемлекеттік тіркеуді ж о ю туралы сот шешімінің күшіне енген күні	Өзг мәлі
1									

"Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгілері бар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімін толтыру жөніндегі түсініктеме

1. Тізілім тігілген, нөмірленген, Тізілімді жүргізуге жауапты адамның қолы қойылған және мөрі қойылған журналды білдіреді.

2. Журнал бөтен адамдардың қолжетімділігін шектейтін арнайы орында тұрақты сақталатын құжат болып табылады.

3. Тізілімді жүргізуге жауапты адамды Әділет министрлігінің тиісті құрылымдық бөлімшесінің басшысы не оның міндетін атқарушы адам, аумақтық

органдарда – тиісті аумақтық органның басшысы не оның міндетін атқарушы адам тағайындайды.

4. Нормативтік құқықтық акт туралы мәліметтер осы нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркеу туралы қорытынды бекітілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде хронологиялық тәртіппен Тізілімге енгізіледі.

5. Тізілімге жазбалар нақты, түсінікті жазылып, қара түсті сиямен енгізіледі. Қарындашпен жазуға, сызып тастауға және басқа да түзетулерге жол берілмейді.

6. "Өзге мәліметтер" бағанында заң сараптамасын жүргізген әділет органы қызметкерінің тегі, аты, болған жағдайда әкесінің аты, сондай-ақ Тізілімнің республикалық (өңірлік) бөлімін жүргізу барысында туындауы мүмкін өзге де мәліметтер енгізіледі.

7. Бұл ретте құпия емес бұйрықтар үшін кезекті реттік нөмірден және "қбпү" кіші әріптерінен мемлекеттік тіркеу нөмірі беріледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 24 қыркүйектегі
№ 1441 бұйрығына
5-қосымша
Нысан

Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу туралы мөртабан

_____ /Қазақстан Республикасы Әділет о р г а н ы н ы ң Нормативтік құқықтық акті 20 __ жылғы " ____ " _____ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № _____ * болып енгізілді	а т а у ы /
--	-------------

Мөртабан өлшемі: ұзындығы 7 см, ені 3,5 см

*- "Қызметтік пайдалану үшін" деген белгісі бар нормативтік құқықтық актілерге мемлекеттік тіркеу нөмірінен кейін "қпү" белгісі қойылады